

рухани дүниетанымын бейнелейтін құрылымдар болды. Жошы хан, Алаша хан және Домбауыл кесенелері түркілік дүниетаным мен исламдық сәулет өнерінің үйлесімін көрсететін тарихи мұра.

Археологиялық зерттеулер бұл кесенелердің құрылыс техникасының дамығанын және сол кезеңнің материалдық мәдениетінің жоғары деңгейде болғанын дәлелдейді. Күйдірілген кірпіштің қолданылуы, қыш өрнектер Сарыарқа өңірінің ортағасырлық сәулет өнерінің биік деңгейін білдіреді. Сонымен қатар, табылған заттар тұрмыстық бұйымдар, қару-жарақтар, әшекейлер жерленген тұлғалардың қоғамдағы жоғары мәртебесін айғақтайды.

Жазба деректердің талдауы Сарыарқадағы жерлеу орындарының тарихи маңызын күшейте түседі. XVI ғасырдан бастап бұл нысандар туралы мәліметтердің жазба ескерткіштерде кездесуі олардың саяси және рухани орталық ретіндегі ролін дәлелдейді. Өтеміс қажы, Әбілғазы, Рычков және кейінгі экспедициялар деректері осы өңірге ерекше мән берілгенін көрсетеді. Сарыарқа жерлеу мәдениетінің тағы бір маңызды қыры оның сабақтастығы. Көне түркілік жерлеу дәстүрлері мен исламдық мәдениеттердің үйлесуі кейінгі қазақ хандықтарының жерлеу рәсімдеріне тікелей әсер етті. Бұл дәстүрлер қазақтың тарихи жадында сақталып қалды. Жошы хан кесенесінің, Алаша хан мазарынның және басқа да ескерткіштердің бүгінге дейін сақталып, ұлттық бірегейліктің нышанына айналуы осы мәдени сабақтастықтың айқын дәлелі.

Зерттеу әдістерінің кешенді түрде қолданылуы Сарыарқаның жерлеу мәдениетін терең түсінуге мүмкіндік берді. Археологиялық, салыстырмалы тарихи және деректанулық талдаулардың үйлесуі зерттеу нысандарының көпқырлы сипатын ашты. Мәдени-типологиялық әдіс жерлеу орындарының рухани мәнін анықтауға көмектесе, кеңістік-географиялық талдау олардың саяси картинкадағы стратегиялық орнын айқындады. Жалпы алғанда, Сарыарқаның жерлеу орындары тек археологиялық ескерткіштер ғана емес, қазақ халқының мемлекетінің тарихын, рухани дүниетанымын және мәдени сабақтастығының айқын көрінісі. Олар біздің тарихи санамызды қалыптастыруда, ұлттық мәдениетімізді тануда және өткенімізге деген құрметті арттыруда ерекше маңызға ие.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі Қазақстан мәдениеті. Алматы: Ғылым, 1966. 215-220-бб.
2. Байпақов К.М. Алтын Орда өнері. Алматы: Өнер, 1985. 142-148-бб.
3. Төлеубаев А.Т. Ұлытау ескерткіштері. Алматы: Жазушы, 1991. 57-64-бб.
4. Қадырбаев М.Қ., Смағұлов Е.А. Археология Центрального Казахстана. Алматы: Наука, 1980. 178-186-бб.
5. Өтеміс қажы. Шыңғыс ханның шежіресі. Қазан баспасы, 1899. 74-б.
6. Әбілғазы. Түрік шежіресі. Ташкент: Баспасөз, 1902. 98-100-бб.
7. Рычков Н.П. Дневные записки путешествия по киргизской степи. Оренбург, 1772. 45-46-бб.
8. Савельев П.С. Материалы по истории и географии, собранные офицерами Генерального штаба. СПб., 1862. 93-95-бб.
9. Бернштам А.Н. Древняя история Казахстана. Москва-Ленинград: Изд-во АН СССР, 1949. 301-305-бб.
10. Сәтбаев Қ.И. Доисторические памятники в Джезказганском районе. Алматы: Академия наук КазССР, 1941. 12-19-бб.
11. Уәлиханов Ш. О киргиз-кайсаках Средней Орды Ш. Уәлиханов шығармалары. Алматы: Ғылым, 1985. - 55-б.

### **ҚАЗАҚ ӨЛКЕСІНДЕГІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ МЕН РУХАНИ МӘДЕНИЕТТІҢ ОРНЫ**

**Қапезов Е.С.**

Ғылыми жетекшісі: PhD Молдахмет А.А.  
Астана Халықаралық Университеті  
Электрондық адресі: ekapezov811@gmail.com  
Астана қ.

Аңдатпа. Бұл мақала қазақ өлкесіндегі этнографиялық зерттеулерде халық шығармашылығы мен рухани мәдениеттің алатын орнын жан-жақты талдауға алынды. Біз халық ауыз әдебиеті эпос, жыр, аңыздар, ертегілер қазақ этносының рухани бейнесін, дүниетанымын ашу мақсатында қазақ даласында көнеден белгілі. Жазба деректердің аздығы жағдайында фольклорлық мұраның этнографиялық маңызы одан әрі арта түсетініне назар аударылады. Мақалада қазақ даласындағы ерте және кейінгі

этнографиялық зерттеулердің бағыты, олардың әдіснамалық ұстанымдары, сондай-ақ рухани мәдениет элементтерін жинау, классификациялау және ғылыми айналымға енгізу жолдары қарастырылған. Біз XIX-XX ғасырлардағы көрнекті этнографтар мен фольклор зерттеушілерінің еңбектерін талдауға ала, олардың ол фольклорларды жалпылама жүйелеп, теоретизация мәселесі алынды. Ш.Ш. Уәлихановтың исламға дейінгі сенімдер, шамандық элементтер және табиғат культі туралы зерттеулері қазақ мифологиялық дүниетанымының этнографиялық өзегін ашатын жұмыс ретінде бағаланады. В.В. Радловтың фольклорлық жанрларды өзіндік терминология негізінде жүйелеуі, оның қазақ және түркі халықтарының тілін, мәдениетін зерттеудегі еңбегі, сондай-ақ эпостарды жинаудағы рөлі көрсетіледі. В.В. Радлов, Г.Н. Потанин еңбектерінде, Әбубәкір Диваевтың қазақ ауыз әдебиетінің нұсқаларын жинақтаудағы және оларды салыстырмалы талдау арқылы мәдени сабақтастықты анықтаудағы үлесі де кеңінен сипатталады. Сонымен бірге Г.Н. Потаниннің қазақ фольклорының жанрлық байлығын алғаш жүйелі түрде жариялаған ірі ғалым екенін атап өтеді. Зерттеу нәтижесінде халық шығармашылығы қазақ этносының рухани мәдениетін қайта құруда ғана емес, этногенез, салт-дәстүр, наным-сенім, тарихи сана секілді көптеген ғылыми мәселелерді кешенді талдауда басты дереккөзі ретінде бағаланатыны анықталады. Автор фольклорлық материалдарды этнография, тарих және мәдениеттанудың тоғысындағы әмбебап дерек ретінде қарастыру қажеттігін баса айтады.

Кілт сөздер: Қазақ халық шығармашылығы, фольклор, этнография, этнографиялық зерттеулер, Ш.Ш. Уәлиханов, В.В.Радлов, В.В.Бартольд, классификация

Аннотация. Данная статья посвящена всестороннему анализу роли народного творчества и духовной культуры в этнографических исследованиях казахского региона. Рассматривается, что устное народное творчество - эпос, жыры, легенды, сказания - издавна является основным источником для раскрытия духовного облика и мировоззрения казахского этноса. В условиях ограниченности письменных данных значение фольклорного наследия как этнографического источника возрастает. В статье анализируются направления ранних и поздних этнографических исследований в казахской степи, их методологические подходы, а также процессы сбора, классификации и включения элементов духовной культуры в научный оборот. Рассмотрены труды видных этнографов и фольклористов XIX-XX вв., их вклад в систематизацию и теоретизацию фольклорного материала. Исследования Ш.Ш. Уалиханова, посвящённые доисламским верованиям, шаманистическим элементам и культу природы, оцениваются как ключевой труд, раскрывающий мифологическое мировоззрение казахов. Особое внимание уделяется роли В.В. Радлова в создании собственной терминологической системы классификации фольклора, его вкладу в изучение языка и культуры тюркских народов, а также работе по сбору эпических материалов. Значительное место в статье занимает анализ трудов В.В. Радлова, Г.Н. Потанина и Абубакира Диваева, в которых описываются особенности казахского фольклора, его жанровое разнообразие и культурные связи. Подчёркивается, что Диваев внёс большой вклад в сбор фольклорных текстов и выявление культурной преемственности между разными тюркскими народами. В результате исследования установлено, что народное творчество является не только источником реконструкции духовной культуры казахов, но и важным материалом для анализа этногенеза, традиционных обычаев, верований и исторического сознания. Автор подчёркивает необходимость комплексного изучения фольклора как универсального источника на стыке этнографии, истории и культурологии.

Ключевые слова: казахское народное творчество, фольклор, этнография, этнографические исследования, Ш.Ш. Уалиханов, В.В. Радлов, В.В. Бартольд, классификация.

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the role of folk creativity and spiritual culture in ethnographic studies of the Kazakh region. It highlights that oral folk traditions-epics, poems, legends, and tales-have long served as key sources for revealing the spiritual identity and worldview of the Kazakh ethnos. In the context of limited written records, the significance of folklore as an ethnographic source becomes even more pronounced. The article examines the directions of early and later ethnographic research in the Kazakh steppe, their methodological approaches, and the processes of collecting, classifying, and introducing elements of spiritual culture into scientific discourse. The works of prominent ethnographers and folklorists of the 19th-20th centuries are analyzed, emphasizing their contribution to the systematization and theorization of folklore materials. The research of Sh. Sh. Ualikhanov, devoted to pre-Islamic beliefs, shamanistic elements, and the cult of nature, is assessed as a key study that reveals the mythological worldview of the Kazakhs. Special attention is paid to the role of V. V. Radlov in developing his own terminology for classifying folklore, in studying the languages and cultures of Turkic peoples, as well as in collecting epic materials. A significant part of the article focuses on the works of V. V. Radlov, G. N. Potanin, and Abubakir Divaev, which describe the distinctive features, genre diversity, and cultural connections of Kazakh folklore. It is emphasized that Divaev made a substantial contribution to the collection of folklore texts and to identifying

cultural continuity among various Turkic communities. The study concludes that folk creativity is not only a source for reconstructing the spiritual culture of the Kazakh people but also an important material for analyzing ethnogenesis, traditional customs, beliefs, and historical consciousness. The author stresses the necessity of examining folklore as a universal interdisciplinary source at the intersection of ethnography, history, and cultural studies.

Keywords: Kazakh folk creativity, folklore, ethnography, ethnographic studies, Sh. Sh. Ualikhanov, V. V. Radlov, V. V. Bartold, classification.

Кіріспе. Халық шығармашылығы (ауыз әдебиеті, эпос, жыр, аңыздар) қазақ этносының рухани мәдениетін бейнелейтін ғана емес, сонымен қатар қазақ өлкесіндегі ерте және кейінгі этнографиялық зерттеулердің қалыптасуы мен дамуына тікелей ықпал еткен негізгі дереккөз болып табылады; фольклорлық материалдарды талдау қазақ халқының дүниетанымын, тарихи санасын және этномәдени ерекшеліктерін толық көлемде қайта құруға мүмкіндік береді... Қазақ өлкесіндегі этнографиялық зерттеулердің негізгі бағыты, көбінесе қазақ халқының материалдық мәдениеті мен тұрмыстық өмір-салты тақырыптарында жүрген. Оған себепте, Қазақстан этнографиясының қалыптасу кезеңіндегі негізгі тақырыптардың осы векторде жүруі. Кеңестік кезеңде, Қазақстан этнографиясының құрылуының ерте сатыларында зерттеулердің басым бөлігі қазақ тұрмысы мен материалдық мәдениеті мәселесімен болды, оған жататын жұмыстар ішінде И.В. Захарова, В.В. Восторов «Развитие народного жилища и изменение быта казахов-колхозников», 1960 жылдардағы Х.А. Аргынбаевтің «Қазақтың мал шаруашылығы жайлы этнографиялық очерк», Х.А.Кауанова «Материальная культура казахского народа на современном этапе» еңбектерін алуға болады. Кеңестік кезеңде Қазақ КСР ғылым академиясының аясында құрылған «Тарих, археология және этнография институты» қазақ жерінде этнографиялық зерттеулермен қатар, бірегей археологиялық зерттеулерді жүргізіп отырды. Бұл себепті де этнографиялық зерттеулердің түпкі тамырында, материалдық мәдениетке үлкен көңіл бөлуі себеп. Оған қарамастан халық шығармашылығы, қазақ халқының эпосы, ауыз әдебиеті және аңыздары қазақ рухани картинасын құрастыруда маңызды рөл ойнайтын компонент. Қазақ этносының ауыз әдебиеті мен халық шығармашылығында еңбектер жазған авторлар ішінен: Х.Аргынбаев, М.С. Муканов, Ш. Тоқтабаева, Н.Әлімбаев сияқты авторларды атап өтуге болады.

Әдістеме. Зерттеудің әдістемелік негізі қазақ халқының рухани мәдениетін, оның ішінде ауыз әдебиеті мен фольклорлық мұрасын этнографиялық дереккөз ретінде қарастыратын кешенді тәсілдер жүйесіне құрылған. Ауыз әдебиеті қазақ этносының дүниетанымы, әлеуметтік құрылымы, табиғатқа көзқарасы және тарихи жады жөніндегі жалғыз әрі аса көне дереккөздердің бірі болғандықтан, зерттеу барысында фольклорлық материалдар этнографиялық мәліметтермен қатар қарастырылып, деректанулық талдаудың негізгі объектісі ретінде таңдалды. Осыған байланысты зерттеудің басты әдістері қатарында контент-анализ, салыстырмалы-тарихи әдіс, классификациялық талдау, дерекке сыни қарау және этнографиялық интерпретация тұрды. Бірінші кезекте қолданылған негізгі әдіс - контент-анализ, өйткені зерттеу объектісі халық шығармашылығының мәтіндік нұсқалары, жырлар, эпостар, аңыздар мен өлеңдер болып табылады. Бұл әдіс фольклорлық мәтіндердің ішкі құрылымын, семантикасын, тұрақты мотивтері мен символдық элементтерін ашуға мүмкіндік береді. Мысалы, Ш.Ш. Уәлиханов "Следы шаманства у казахов" еңбегінде қазақ табиғат культін түсіндіруде дәл осы әдісті қолдана отырып, халық жырларындағы табиғат күштерінің көрінісін интерпретациялаған. Зерттеудің осы бағыты Уәлихановтың әдіснамалық ұстанымымен үйлеседі. Зерттеу барысында қазақ аңыздары, жырлары мен ертегілері өзбек, қырғыз және жалпы түркі халықтарының фольклорлық мұрасымен салыстырылды. Бұл тәсіл ауыз әдебиетіндегі ортақ сюжеттерді, мәдени сабақтастықты, мифтік-символдық жүйелердің ұқсастықтарын анықтауға мүмкіндік берді.

Талқылау. Адамның жазуды игергенде дейінгі кезеңдерді сипаттайтын жалғыз дереккөздер ауыз әдебиеті, «эпос» материалдары болып табылады. В.В. Бартольд халық ауыз әдебиетінің ежелгі қауымдастық және адамның дүниетанымы, рухани бейнесін сипаттаудағы ерекше рөлің атап өтеді, мысалға Гесиодпен оның әлемнің циклдік заңдылықта түсінуін келтіре. [2, 209б.]. Бартольд осы мағынада ауыз әдебиетінің, деректанудың бірінші сатысындағы батыс және маңызды материалдар деп санайды. Алайда қазақ даласында ауыз әдебиеті мен халық шығармашылығы, қазақ жеріндегі жазба деректерімен салыстыра, онымен қатарлас жүретін құнды материалдар болып табылады. Қазақ этносының нақты руханият мәселесінде, қазақ танымындағы табиғат түсінігі мен оның дәстүрлердегі рөлін қарастыруда халық шығармашылығы аса маңызды дереккөздер болып келеді. Айта келе ол тақырыпта қазақтың ұлы этнограф-ғалымы Ш.Ш. Уәлихановтың «Следы шаманства у казахов» еңбегінде, қазақтың Исламға дейінгі рухани танымы мен ол рухани картинаның дамуы және заңдылықтарын жазған. [4. 15б.]. Қазақ поэзиясы, «жыр», «өлеңге» Уәлихановпен бірге үлкен назар аударған авторлардың ішінде В.В. Радловты атауға болады. Радловтың жұмыстарында кездесетін

ерекшеліктердің бірі, оның классикацияда танымал терминдерге сүйенбей, өзіндік жүйелеу терминологиясын құрастыруда. В.Радлов категорияларында «Некелік-дәстүрлік фольклор», ертегінің жалпылама түсінігі, бақсы өлеңдері, тарихи эпос, жарысу өлеңдері сияқты терминдерді қолданылды. [4, 276.]. В.В. Радловтың негізгі зерттеу бағыттары көбінесе Орта Азия мен Оңтүстік Сібір халықтарының материалдық мәдениетінде зерттеулер жүргізіп отырды. Алайда онымен бірге қазақ жеріндегі этнографиялық зерттеулердің үлкен қосқан ілесі, оның лингвистикалық зерттеулерінде болды. Алтай халықтары мен түркі халықтарын зерттейтін лингвист-тюрколог Э.Р. Тенишев бағалауында «В.В.Радлов как теоретик - лингвист следовал наиболее передовым взглядам своего времени,... он создал труды, сохранившие свою ценность до наших дней. Количественно их, правда немного. И в этом свой резон. Отдавая должное теории, В.В.Радлов главной своей задачей в тот период все же считал создание материального фундамента будущих лингвистических исследований» [3, 246.] В.В. Радловпен бірге, қазақтың әйгілі жазушысы М.О. Әуезовтің еңбегін атап өту болады. М.О. Әуезов, ауыз әдебиетін талқылауда оның ауызша әдебиет және ел ақындығы деп бөле отырды. Оның ауызша әдебиетінің жүйелеуінде негізгі классификацияны 4 түрлі терминде бөлді. Олар: 1) Сыршылдық салт өлеңдері, 2) Әңгімелі өлеңдер, 3) Айтыс-тақпақ, 4) Ертегі, мақал-мәтел, жұмбақтар. [4, 216.] М.Әуезов ауызша әдебиетті талқылау оны нақты бір жазушысыз, жалпы жұрттың, халықтың еңбегі деп қарауды жөн көрді. Жазба материалдардың аздығы, қазақ өлкесінің этнографиясың зерттеудегі қиындық тудыратын басты кедергілердің бірі болып табылады. Еуропалық үлгідегі дамыған орыс шығыстану институттары халықты зерттеу барысында, мәнді жазба деректермен, олардың аударуға керекті лингвистикалық пәндерге мән берді. В.В. Бартольдқа сүйене орыс ғылымының осындай ерекшелігінің себебі, Казань, Мәскеудегі университеттердің, «Азия халықтары факультеті»-теріндегі, онымен бірге орыс ғылыми академиясындағы Азия департаментіндегі филологиялық ғылымдардың, тарихи ғылымдардан ерте дамып, орнығуын атап өткен. [1, 100б.]. Ол ғалымдар қатарында, әйгілі қазақ шығармашылығын зерттеген башқұр ғалым Әбубәкір Диваевті қосуға болады. Ә.Диваев қазақтың жазба деректерің бағалай айтқан: «Вся беда в том, что у кочевников нет ничего писаного, не говоря уже о печатном, до сего времени у них передавалась из поко ления в поколение устно.... Вообще, если поинтересоваться казахским бытом, то можно найти много интересного» [2, 288 б.] Қазақ даласындағы ертегілер мен аңыздарға назар аударған Әбубәкір Диваев, кейінірек еңбектеріндегі қазақ даласындағы осы компоненттерінің, басқа халықтар және көне замандардағы шығармалармен мәдени сабақтастық табады. Ермұхан Бекмаханов, осы бағытта Ә.Диваевтің жасаған жұмыстарында «жалмауыз кемпір», «таз бала» туралы ертегілерін талқылай, ол ертегілердегі элементтердің орта азия бауырлас халықтарымен ортақ тамыр бар екен ойға келеді. [2, 290б.] Дәл осы ортақ тамырлар туралы түйіндісі Г.Н.Потанин, В.В. Радлов еңбектерінде орын табады. Ертегі аңыздарымен бірге, үлкен мәнді дереккөздерді біз халық поэмалары, күйлері мен өлеңдерінде көреміз. Оған мысла келтіре, қазақтың ең атақты поэмалары «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу»-ды, «Қыз Жібек»-ті еске алуға болады. Әйгілі қазақ жазушысы және әдебиетшісі М.О. Әуезов, дәл «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу» аңыздың мәнін саралай іздеп. Қозы Көрпеш туралы этнографиялық материалдарды жинай отыра, Әуезов оның үш түрлі нұсқаларын тапты. Олар: Семей және Жетісу жергілікті халықтан жинаған әңгімелері және Радлов тапқан және жазған әңгімесі. Бір шығарманың жалғыз қазақ жеріндегі үш түрлі әңгімесің таба отырып, автор «Қозы Көрпеш және Баян сұлу» хикаясының ауыздан ауызға тарап, өңірден өңірге, бір халықтан, екіншіге жету арқасында оның түпкілікті өзгешіліктерінің себептерінде атап өтеді. [4, 114б.]. Бұл концепцияда жүретін жұмыстардың басты кемшілігінде осы мәселеде кедергі көрді. В.В. Бартольд халық жадысындағы әңгімелерді талқылауда, алдымен «историзм» немесе тарихи ақиқатқа үйлесімділік концепциясын ұстануын және жалпы тарихи контекстік көзқарасты қажет ететінін айтқан еді. Осы мысалда, В.Бартольд Геродот еңбектерінде кездесетін кемшіліктерін бірі деген баға берді. [1, 220б.]. Ш.Уәлиханов келтірген XV ғасырға тиесілі «Едіге жыры», «Ер Көкше, Ер Қосай» сияқты шығармаларында мысал келтіре жатқызуға болады. «Ортақ сабақтастық» ойын жалғастыра, ол идеяның фольклористикада көп айтылатын мәселе. Алғаш рет, оны теоритизациялауға әкелген ғалымдар ішінде XIX ғасырдағы неміс ғалымы Т.Бенфеймен айтылған еді. Т.Бенфей айтуынша жалпы әлемдік ертегілердің қоры мен шығу тегі - Үндістан мен ондағы халықтар дастандары деп айтқан. Бенфей жасаған теория әлі күнге дейін пікірталаста болғанымен, А.Лузелера-Делоншана, Т.Бенфея, А.Веселовского, Э.Коскена сияқты ғалымдардың еңбектерінде орын тапты. [3, 35б.] 1972ж. , оның осы салада еңбек еткен мәліметтерін шоғырлаған «Казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина» жинақ жарық көрді. Бұл еңбек, қазақ фольклорың зерттейтін алғаш үлкен жұмыс болып табылады. Оған дейін фольклор мәселесі, М.Әуезов, М.Ғабдуллин, Е.Исмаилов, Н.С. Смирнова еңбектерінде фрагменталды түрде келді [3, 38б.] Осы жинақта Г.Н. Потанинмен жиналған аңыз, шежіре, өсиет, ертегі, эпос, ақын және жыраулар өлеңдері жазылған. Қазақ фольклористикасында маңызды орынды

эпостар алып жатыр. Эпостарды жинақтыруда Потанинмен бірдей еңбек салысқан этнографтардың ішінде, Ә.Диваевта бар. Ә.Диваевтың өзінің фольклорлар жинағандағы үлкен рөлді эпостарға бөліп отырды. Е.Бекмаханов айтуынша оның эпостарды талдаудағы ең басты ерекшеліктерінің бірі, жазылған жинақтарды жан-жақты қарастыра, жазылған эпос қасында орыс тіліндегі аударма және сол эпостың бірнеше нұсқаларын жазып, олармен салыстырмалы анализ жасай білуі. [2, 290б.] Осы материалдар өзінің түбінде үлкен қызығушылыққа әкелетін мәні бар. Бірнеше нұсқаларды көрсете, оларды салыстыра отырып халыққа тараған аңыздың түпнұсқасына жақын түрін табуға болады. Қазақ даласындағы түрлі фольклористика жанрларына жататын материалдар аса құнды болып табылады, осы салада зерттеген ғалымдар ішінде В.В.Радлов еңбектерің атауға болады. В.В.Радлов жинаған қазақ даласындағы фольклорлық жинақтар өзінің алуантүрлілігімен ерекшеленеді, онымен қоса В.Радловтың ол мәліметтерде жинауда толықтай Фр.Бонн, Г.Штейнталь, А.Потт, К.Риттер ғалымдарының канондарымен жүрген. Кейінгі түркітанушы А.Н. Кононов бағалауында кеңестік ғалымда қалыптасқан түркітану пәнінің негізі, В.Радловтың алып жұмыстарымен салынды деген сипатқа ие болды. [3,19б.] Тарихи өлеңдер, қазақ даласындағы негізгі оқиғаларды ақын қолдарына детіп оны өлең түрінде айтылатын шығармаларға жарық көруін айта аламыз. М.Әуезов айтуынша осындай тарихи өлеңдердің басталуы Абылай хан заманынан басталады. Абылай кезеңіндегі жоңғар шапқыншылығының ауыртпалығы, кейінірек орыс отаршылдық саясатының озбырлығынан туған Сырым Датұлы, Есен Көтібарұлы, Кенесары Қасымұлы заманың сипаттайтын өлеңдерді айтады. М.Әуезов оларға сүйене, Халел Досмұхамбетовтың «Исатай-Махамбет жыры», Қошмұхамбет Кемеңгеровтың «Қазақ тарихынан» еңбектерінде қосады. [4,143б.]. Ш.Ш. Уәлихановтың қазақ даласындағы шаманизм мәселесін қарастыра келе, халықтың көз тию, түрлі символдары мен болжам бере алатын ритуалдарға мән беретіні туралы жазған. Бұл ерекшелікті ол қазақ даласындағы ертеде мекен еткен түріктердің космологиялық түсініктерінен алды, бұл өз кезегінде дала халықтарының ерекше тән белгілерінің бірі.[3,87б.] Орыс шығыстанушысы В.В.Бартольд, ежелгі кезеңдердегі сипаттайтын халық жадысын гректер мысалында көрсетеді. Оның айтуынша ежелгі гректердің тарихи оқиғаларда түсінуде, ақиқатқа емес, философиялық, мифологиялық тұрғыдан сипаттайтын құбылыстарды алдыңғы орында қойғанын айтқан. Әлеуметтанушы Огюст Контқа сүйене, В.Бартольд ежелгі гректердің Элладада өткен тарихи және әлеуметтік процесстердің қабылдауында мифологиялық сипаты, ежелгі гректердің тарихшылық принциптерінің қалыптаспағанына шықты деген түйін жасады.[1,222б.]

Қорытынды. Қазақ өлкесіндегі құралған этнографиялық зерттеулердің негізгі бөлімдері қазақ даласындағы рухани мәдениет және халық ауыз шығармашылығына сүйене жазылғаны белгілі. Ә. Диваев сынды ірі этнографтар жинап, жіктеп, ғылыми айналымға енгізген фольклорлық мұра үлгілері қазақ халқының архаикалық таным-түсінігі, табиғатқа қатынасы, діни көзқарастары, салт-дәстүрлері, тарихи санасы туралы мол мәлімет береді. Аңыздар мен эпостардың бірнеше нұсқада сақталуы қазақ ауызша дәстүрінің динамикалық дамуын, өңірлік ерекшеліктерге байланысты трансформациялануын, ал түркі халықтарымен ортақ сюжеттердің кездесуі мәдени сабақтастық пен этногенез мәселелерін ғылыми түрде талдауға мүмкіндік туғызады. Зерттеушілер атап өткен тағы бір маңызды тұжырым - жазба деректердің аздығы жағдайында халық шығармашылығы тарихи оқиғалардың халық санасында қалай көрініс тапқанын анықтауға көмектесетін бірегей материал. «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу», «Қыз Жібек», «Едіге», «Ер Көкше» сияқты поэмаларда, сондай-ақ XVIII-XIX ғасырлардағы тарихи өлеңдерде қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы, саяси ахуалы, тұлғаларға берілген баға, елдің тарихи жадында сақталған негізгі оқиғалар көрініс табады.Сонымен бірге фольклорды зерттеу әдістерінің қалыптасуы, оның жанрлық классификациясы, этнографиялық интерпретациясы қазақ ғылымының маңызды бағытына айналды. М.Әуезов, М.Ғабдуллин, Н.Әлімбаев, Жалпы алғанда, халық шығармашылығы қазақ этносының мәдени бейнесін, дүниетанымын, рухани тәжірибесін түсінудің кілті. Ол этнография, тарих, фольклористика, мәдениеттану салаларының тоғысында тұрған, әрі ғылыми зерттеулер үшін құндылығы жылдан-жылға артып келе жатқан үлкен мұра. Сондықтан қазақ өлкесіндегі этнографиялық зерттеулерді кешенді жүргізу барысында ауыз әдебиеті мен рухани мәдениет материалдары негізгі талдау объектілерінің бірі болуы тиіс.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Бартольд В.В. Работы по истории востоковедения.Сочинения Том 9., Мәскеу. Наука: 1977. - 792 б.
2. Диваев Ә. Қазақ халық шығармашылығы. Алтын кітап: Астана. - 2007. - 319 б.
3. Уәлиханов Ш.Ш., Радлов В.В., Потанин Г.Н. Фольклор туралы еңбектер жинағы. Ғылыми қазына: Алматы - 2013. - 392 б.
4. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы Ана тілі: Алматы, 1991. 239 б.